

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 386 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 826 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.10.2024 № 826 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 33, 405-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамына:

мыналар:

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі;

Раманқұлов Ерлан Мирхайдарұлы	-	"Ұлттық биотехнология орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры, биохимия саласындағы PhD докторы (келісу бойынша);
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы	-	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ректоры, тарих ғылымдарының докторы (келісу бойынша);
Пя Юрий Владимирович	-	"Ұлттық кардиохирургия орталығы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы (келісу бойынша);
Садыбеков	-	"Математика және математикалық модельдеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының

Махмұд Әбдісәметұлы		директоры, физика-математика ғылымдарының докторы (келісу бойынша);
Ахметқал Медеу	-	"География және су қауіпсіздігі институты" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы, география ғылымдарының докторы (келісу бойынша);
Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы	-	"С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" акционерлік қоғамының ректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы (келісу бойынша);
Здоровец Максим Владимирович	-	"Ядролық физика институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының басшысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты (келісу бойынша) енгізілсін;

көрсетілген құрамнан: Е.Ғ. Батырбеков, Ғ.М. Мутанов, Д.Р. Қайдарова, Е.Қ. Бейсембетов, Ә.А. Жәрменов, Д.Ә. Шыныбеков, В.С. Школьник шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин